



ҚАБАҒЫ ТҰНЖЫР БАЛАҚАЙ

НЕМЕСЕ ОРМАНДАҒЫ ЕРЕКШЕ ОРНАҒА



Авторы ері иллюстраторы
Нұр Домбайжы

FOLIANT



ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84Қаз-44
Д 60

Д 60 **Домбайжы Н.**
Қабағы тұнжыр балақай немесе ормандағы ерекше оқиға / Н. Домбайжы. – Астана: Фолиант, 2019. – 192 б.

ISBN 978-601-338-169-5

Бұл перзентханада бұрын-соңды мұндай бала дүниеге келмеген еді. Себебі ол кәдімгі балалар сияқты жыламады. Тіпті медбике жуындырғанда да, киіндіргенде де қыңқ еткен дыбысы шықпады.

Бірақ ең таңданарлық жағдай – баланың қабағы тым тұнжыраңқы еді. Кішкентай сәби айналасының бәріне жақтырмаған кейіппен қарап жатқан.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84Қаз-44

ISBN 978-601-338-169-5

© Домбайжы Н., 2018
© «Фолиант» баспасы, 2019

ҚАБАҒЫ ТҰНЖЫР БАЛҚАЙ

НЕМЕСЕ ОРМАНДАҒЫ ЕРЕКШЕ ОҚИҒА





1
Тарау

Қабағы тұнжыр
нәресте



Күшті желдің уілдеген дыбысы ағаш терезенің саңылауынан ішке естіледі. Мезгіл түс кезі болса да, күн қараңғы тарта бастағандай еді. Қаптаған бұлт түнеріп, күннің жаныңа жай таптырар сәулесін көлегейлеген. Сыртта жердің бетін тұман жайлай бастаған.

Кенет желдің уілі гуілге ұласып сала берді. Тұманның артынан жаңбыр ілесе келді. Бар бала ата-анасының етегіне тығылды.

Тіпті ата-аналары да аз-кем үрпиісіп қалғандай көрінді. Олардың осыншама үрейін алған шағын қалашықтың маңындағы үлкен





орман болатын. Ормандағы ағаштардың тығыздығы сондай, бір-екі адымнан соң-ақ орманның іші көрінбей кететін. Тіпті кей кездері ормандағы үкінің, тиіннің, қала берді қасқырдың үні сап тыйылып, маңайды біркелкі гуілдеген үн жайлап алатын.

Міне, сол себепті бұл орман «Гуілді орман» деп аталып кеткен. Картаның өзінде солай жазылған. Негізінде «Кей кездері үкі, тиін, тіпті қасқырдың да үні өшетін, маңайға гуілі естілетін орман» немесе «Ағаштардың тығыз өсетіні сондай, бір-екі аттаған соң ештеңе көрінбей қалатын орман» деп атауды ойлағандар да болған. Алайда олай етпеген. Не үшін дейсіздер ғой? Өйткені сол орман жайлы сөз болған сайын оның ұзын-сонар атын атау қиын болатынын түсінген. Мәселен, «Гуілді орманның тұсынан өтіп бара жатқанда орманның ішінен жөтелген бір дауыс естідім» дегісі келген біреу оның орнына «Кей кездері үкі, тиін, тіпті қасқырдың да үні өшетін, маңайға гуілі естілетін орманның тұсынан өтіп бара жатқанда жөтелген бір дыбыс естідім» немесе «Ағаштардың тығыз өсетіні сондай, бір-екі аттаған соң ештеңе көрінбей қалатын орманның тұсынан өтіп бара жатып жөтелген бір дауыс естідім» деуіне тура келетін болғасын, қысқа



ОРМАНДАҒЫ ЕРЕКШЕ ОҚИҒА

ғана «Гүлді орман» дегенді жөн көрген. Міне, бар болғаны сол ғана! Картаға да солай жазар болса, қалай болатынын баяндап берер едім, бірақ сендер онсыз да түсіндіңдер ғой. Оның үстіне жалығып та кеттім.



